



МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ

ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

УДК 81'276.6:34



ҚАЛМЫРЗИНА ЗАРИНА ЖАНДАРБЕКҚЫЗЫ
заң ғылымдарының магистрі,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары
академиясының
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және кәсіби
деңгейді арттыру институтының
аға оқытушысы



ЕСІМСЕЙТОВ БАУЫРЖАН РАҚЫМЖАНҰЛЫ
филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары
академиясының
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім және кәсіби деңгей-
ді арттыру институтының доценті

ЗАҢ ХАТЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін. Мақала авторлары заң хаты техникасының ұғымы мен оның ерекшеліктерінің кейбір мәселелеріне талдау жасайды.

Түйінді сөздер: заң хатының техникасы, ресми іс-қағаздар стилі, сот үкімі, кіріспе, сипаттау-уәждеу және қарау бөлімдері.

Аннотация. Авторы данной статьи анализируют некоторые вопросы понятия и особенности техники юридического письма.

Ключевые слова: техника юридического письма, официально-деловой стиль, приговор, вводная, описательно-мотивировочная и резолютивные части.

Annotation. Authors of this article analyze and discuss some questions about the concept and features of the technique of legal writing.

Keywords: legal writing technique, formal style of writing, sentence, introductory, descriptive-motivational and resolute parts.

Қазіргі қоғамдағы адам қызметінің кез-келген саласы, соның ішінде құқықтану саласы жазбаша реттеушілікті, белгілі бір тәртіптемені қажет етеді. Алайда, құқықтық саладағы нақты түйінді сәттердің жазбаша регламенттелуі өзге салаларға қарағанда әлдеқайда мәнге ие. Сауатты әрі дұрыс құрылған, жазбаша

түрде тіркелген құқықтық мәселелердің тәжірибе жүзінде іске асырылуы одан да маңызды болып табылады.

Табысты құқықтық қызметтің кепілі – ол сауатты түрде ресімделген заң хаты болып табылады. Ал заң хаты деп, біз кез-келген құқықтық мазмұнға ие мәтінді жазуда сақтауға міндетті болып табылатын грамматикалық, лексикалық, логикалық, этикалық және басқа да қағидалардың жиынтығын айтамыз [1].

Заң хаты құқықтық қатынастардың бастауы іспеттес. Заң хатын ресми қарым-қатынас тілінің жалпы жүйесінен бөліп қарастыруға негіз болып отырған, оның айрықша ерекшеленуінде. Заң хатының іргетасы ресми қарым-қатынас тілі екендігі белгілі. Сонымен қатар, заң хатына тән ерекшеліктер қатары тағы бар:

Біріншіден, заң хатының мәнін түсінуде, оны екіұдай түсіндіруге немесе өзге де шатасуына жол бермейтін ойды нақты тұжырымдау. Мәселен, заң құжаты мәтінін әзірлеу барысында қойылған сұраққа толық әрі тұжырымды жауап бермейтін қандай да бір фразалар қолдану, әдетте көп мәселелердің туындауына, сонымен қатар, тараптардың түсініспеушілігіне әкелетіні белгілі.

Екіншіден, заң құжатының мазмұнын құрайтын құқықтық ережелердің қатал тәртібі. Әдетте, заң құжатының мәтіні әрқайсысы ерекше мәнге ие бірнеше мағыналық бөліктерден тұрады.

Мысалы: 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 46-тарауына сәйкес, сот 390-бапта көрсетілген мәселелерді шешкен соң, сот үкімін шығаруға көшеді. Үкім кіріспе, сипаттау-уәждеу және қарар бөлімдерінен тұрады.

Сонда, ҚР ҚПК 396-бабына сәйкес, үкімнің кіріспе бөлігінде:

- үкімнің Қазақстан Республикасының атынан шығарылғаны;
- үкімнің шығарылған уақыты мен орны көрсетіледі. Судьялар бірнеше тәулік бойы кеңескен жағдайда, үкімнің шығарылған уақыты оның жария етілген күнімен айқындалады;

- үкім шығарған соттың атауы, соттың құрамы, сот отырысының хатшысы, процеске қатысушылар, олардың өкілдері, аудармашы;

- сотталушының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), оның туған жылы, айы, күні және туған жері, тұрғылықты жері, жұмыс орны, айналысатын кәсібі, білімі, отбасылық жағдайы және сотталушының жеке басы туралы, іс үшін маңызы бар өзге де мәліметтер;

- жасалғанына сотталушы айыпталып отырған қылмыстық құқық бұзушылықты көздейтін қылмыстық заң (бап, бөлік, тармақ) көрсетіледі.

ҚР ҚПК 397, 399-б.б. сәйкес, айыптау үкімінің сипаттау-уәждеу бөлігінде:

«1. Айыптау үкімінің сипаттау-уәждеу бөлігінде қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалған орны, уақыты, жасалу тәсілі, кінә нысаны, себептері мен салдары көрсетіле отырып, сот дәлелденген деп таныған қылмыстық әрекеттің сипаттамасы қамтылуға тиіс. Үкімде соттың сотталушыға қатысты түйіні негізделген дәлелдемелер және сот басқа дәлелдемелерді жоққа шығарған себептер т.б. келтіріледі».

Сондай-ақ, айыптау үкімінің сипаттау-уәждеу бөлігі мен ақтау үкімінің сипаттау-уәждеу бөлігі ерекшеленеді.

ҚР ҚПК 398, 400-б.б. сәйкес, «1. Айыптау үкімінің қарар бөлігінде:

- сотталушының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде);
- сотталушыны қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлі не кінәсіз деп тану туралы шешім т.б». [2].

Сонымен қатар, түрлі үкімдердің қарар бөліктері ерекшеленетіні анық.

Жоғарыда біз үш бөліктен құралған, олардың әрқайсысы маңыздылық деңгейі мен мазмұнға ие, бірыңғай заң құжатының мысалын қарастырған болатынбыз. Алайда, заң құжатының негізгі бөлігін құрайтын барлық ережелері тең мәнде болуы мүмкін, сондықтан ережелердің негізгі бөлікте орналасу жағдайындағы нұсқа-



лары да кездеседі. Бұл азаматтық-құқықтық шарттарда жиі орын алады.

Үшіншіден, арнайы терминологияны пайдалану. «Іскери қарым-қатынас тілі» ұғымымен қатар «заң тілі» деген ұғымы бар. Заң құжатының мәтінін құрастыруда қолданылатын заң тілінің құрамдас бөлігі арнайы терминдер мен тұжырымдардың жиынтығы болып табылады. Бұндай терминдерге «аффект жағдайында жасалған адам өлтіру», «денсаулыққа ауыр зиян келтіру», «алаяқтық», «қарулы бүлік», «жалған кәсіпкерлік» және т.б. жатады. Ал міндеттемелерді орындамаған жағдайда, «шартпен көзделген», «заңмен көзделген талаптарға сәйкес» және т.с.с. тұжырымдар жиі қолданылатыны мәлім.

Заң хатының техникасы мәселесі қозғалғанда, логика заңдылығын және этика нормаларын сақтау мәселесі ерекше орын алады. Логикалық тәсілдер заң мазмұны бар құжатын құрастыру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Демек, логика заңдылығын сақтамау заңнаманың жалпы қағидаларын, сондай-ақ шарт міндеттемелерінде көзделген ережелерді бұзуға әкеліп соқтырады.

Осы орайда, этикалық қағидалар заң тұрғысындағы қарым-қатынастың, оның ішінде жазбаша қарым-қатынастың маңызды элементі болып табылатынын айта кеткен жөн. Әсіресе заң хатындағы этикалық нормалардың рөлі ерекше маңызды болып келеді, себебі адресат өзін қызықтыратын тұлғамен жеке танысып-білісу мүмкіндігінен шектеулі, ал заң хатында этикалық нормаларды сақтамау заң жүзіндегі қарым-қатынастың жүзеге асуына кедергі болады. Бүгінгі тәжірибе көрсетіп отырғандай, азаматтық-құқықтық шарттарда этикалық нормалар мен қағидаларға ерекше мән беріледі [3].

Әдетте, заң хатының бір тарабы ретінде адресаттардың жазбаша өтініштеріне кейбір талаптарды қоюшы билік органы болып табылады. Сондықтан заңмен белгіленген процестік талаптарды сақтамау, берілген өтінішті қараусыз қалдыру және бұдан әрі заң тұрғысында қарым-қатынасты болдырмайды. Атап айтқанда, құқық қолданушылық саласында процестік талаптарды сақтаудың мәні ерекше екендігін ескеру қажет [4].

Сондай-ақ, соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, «құқықтану» мамандығы бойынша білім алушылардың саны жоғарылауда. Ал бұл салада бәсекеге қабілетті жоғары білікті маман болу үшін заң хатының негізін игерудің рөлі маңызды екендігі сөзсіз.

Тәжірибеде заң хатының тәсілдерін игерген және оны қолданушы заңгерлердің аз екендігін мойындау керек. Дей тұра, көптеген заңгерлер бұл мәселеге аса мән бермегендіктен және өз қызметтерінде заң техникасын негізгі құралы ретінде танымағандықтан, көптеген қиындықтармен кездеседі. Құқықтану саласында заң құжаттарының сауатты әрі дұрыс ресімделуі басты талап екендігін ескере отырып, оны зерттеп, зерделеу осы сала қызметкерлерінің басты мәселесі екендігін ескергені дұрыс.

Заңшығарушылық нормативтік құжаттарды құрастыруда заң хатының техникасының қағидаларын ескермеу үлкен зардаптарға әкеледі, нақты айтқанда адамды заңсыз ұстау, қылмыстық жауаптылыққа заңсыз тарту, заңсыз соттау, азаматтық құқықтың диспозициялық нормаларын дұрыс түсінбеушілікке әкеледі.

Бұл мәселе заңшығармашылық саласында, сондай-ақ нормативтік актілерді басып шығару және жариялау қызметінде заңдылықты бұзудың негізі болып табылады:

- заң құжаты мәтінінің құрылымы мен мазмұндау стилінің біріздендіруінің жоқтығы;
- терминология бірлігінің жоқтығы;
- қолданыстағы заңнамаға қарама-қайшылығы, сондай-ақ осы заң құжатының өзге де ережелеріне қарама-қайшылығы;
- нормативтік актілердің күшін жоюы туралы немесе оларға өзгертулер мен

толықтырулардың енгізілгендігі сияқты міндетті қағидалардың талаптарын сақтамау;

- декларативтілік, құқық нормаларын іске асыру тетіктерінің айқындылығының жоқтығы;

- заң құжаты мәтініндегі сөздердің шұбалаңқылығы және оның бірыңғай мәнінің жоқтығы және т.б [5].

Қорыта айтқанда, бүгінгі күні туындап жатқан көптеген құқықтық даулардың, соның ішінде азаматтық-құқықтық шарттар, шағымдар, талап арыздар, келісім сияқты заң құжаттарының жоғарыда айтылған қателіктерді ескере отырып, сауатты әрі дұрыс ресімделген жағдайда ғана алдын алуға болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Васильева Т.М., Воробьева О.В., Хазова О.А. Юридическое письмо. Учебник. М.: Волтерс Клувер, 2010.

2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ.

3. Особенности юридической техники при составлении документов // Адвокат: навыки профессионального мастерства. Под ред. А. Воскобитовой., И.Н. Лукьяновой., Л.П. Михайловой. Москва: Волтерс Клувер, 2006.

4. Кашанина Т.В. Юридическая техника: учебник. 2-е изд. пересмотр. — М.: Норма: ИНФРА-М, 2011. — 496 с.

5. Юридическая техника. Учебное пособие по подготовке законопроектов и иных нормативно-правовых актов органами исполнительной власти. Под ред. Т.Я. Хабриевой, Н.А. Власенко. Москва, издательство «Эксмо», 2009.